

Бекітемін

Жұмабек Ташенев атындағы  
университет ректоры

К.С.Байболов

202ж

## САРА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

## УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

YE-19-22

## **СТУДЕНТТЕК ЖАТАҚХАНАСЫНДАҒЫ ІШКІ ТӘРТІП**

АЛФЫ СӨЗ

## Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректормен әзірленлұ ЖӘНЕ ЕҢГІЗЛДІ

- |    |                                      |                                   |   |
|----|--------------------------------------|-----------------------------------|---|
| 1. | Әзірлеғен                            | -                                 | Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі<br>проректор<br>Д.Ә.Әли  |
| 2. | Келісілді                            | -                                 | Оку үрдісін жоспарлау және<br>үйымдастырушы бөлімінің басшысы:<br>Ж.А.Нурмаганбетова<br>Стратегиялық жоспарлау, мониторинг<br>және сапаны басқару бөлімінің басшысы:<br>Ж.Д. Абдуллаева |
| 3. | Жұмабек Ташенев атындағы университет | Фылыми кеңесінің                  | 31  |
|    | 08 2022 № 1                          | мәжілісінде талқыланып макұлданды |   |
| 4. | Енгізілді                            | -                                 | 202_  |
| 5. | Тексерілу мерзімі                    | -                                 | 202_  |

## Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Шымкент, 2022

Жұмабек Ташенев атындағы университеті		ҮЕ-19-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұска
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп		6 беттің 2-беті

## 1. Жалпы ережелер

1.1 Ж.Ташенев университеті жатақханасындағы ішкі тәртіп ережелері студенттік жатақханада тұратын барлық студенттер орындауға міндettі жергілікті нормативті акт болып табылады.

1.2 Жатақханаға орналастыру барысында білім алушы және университет арасында 2 нұскадағы жатақхана әкімшілігінен тұрғын орынды жалға алу туралы Келісім жасалады.

1.3 Жатақханаға орналасуыш әкімшілікке жатақханадан орын беру туралы өтініш, тұрғын орын жалдау туралы келісім, жеке күелік, санитарлық тексерістен өткені туралы анықтама, ақысын өтегені туралы түбіртек тапсыруы қажет.

1.4 Жатақханаға орналасуыш аталмыш Ережені оқуы тиіс, Университеттің ҚТ бойынша инженері өткізетін қауіпсіздің техникасы бойынша нұсқамадан өтуге міндettі.

## 2. Жатақханада тұрушылардың құқықтары мен міндettтері

2.1 Жатақханада тұрушылар құқығы бар:

2.1.1 оку, мәдени – тұрмыстық және спорттық – сауықтандыруға арналған бөлмелерді, жатақхана жабдықтары мен мұлқін пайдалануға;

2.1.2 жатақхананың өзін – өзі басқару органдарына тағайындалады, олардың жұмысына қатыса алады;

2.1.3 студенттік кеңес арқылы тұрғын үйдің тұрмыстық қамтамасыз етілуі, тәрбие жұмыстары мен бос уақыттың үйымдастырылуы, тұрғын орындарды, жеке жұмыстарға арналған бөлмелерді құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету және безендіру үшіндегі атқарушылардың қатыса алады.

### 2.2 Жатақханада тұрушылар міндettі:

2.2.1 орналаспас бұрын бір семестр ішінде тұру төлемақысының түбіртегін беруге, блок және бөлме кілттерінің көшірмесін жасатқансын, екі күн ішінде жатақхана әкімшілігіне қосымша кілттерді қайтаруға;

2.2.2 жатақханада тұру үшін төлемақыны жылына екі рет жасау, оқу жылы басталғанға дейін, жатақхана әкімшілігіне және факультет деканатына төлеу туралы түбіртекті тапсыруға (көшірмесін);

2.2.3 жатақхананың бөлмелеріне, құрал – жабдықтарына және мұлкіне үқыптылықпен қарауға, ҚР заннамасына сәйкес өзіне жеке қолданысқа берілген мұлікке материалдық жауапкершілікті алуға;

2.2.4 жоғалған немесе құртылған мұлік пен құрал – жабдықтардың құнын төлеуге, университетке келтірілген басқа да залалдардың ақысын өтеуге;

2.2.5 өз күшімен және өз есебінен тұрғын орынның және ортақ қолдану орындарының жөндеу жұмыстарын жасауға қатысуға;

2.2.6 Университет өкілін тұрғын орынның техникалық жағдайын, ондағы санитарлық – техникалық және басқа да жабдықтарды тексеру үшін және басқа да жұмыстарды атқаруға кіргізуғе;

2.2.7 тұрғын орында, оның ішіндегі жабдықтарда немесе байланыстардағы ақаулар тапса тез арада олардың алдын алу шараларын қолданып, міндettі тұрде жағдайда жатақхана әкімшілігіне жеткізуғе;

Жұмабек Ташенев атындағы университеті	ҮЕ-19-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп	2-нұсқа 6 беттін 3-беті

2.2.8 тұрғын орынның тиісті санитарлық – техникалық тазалығын қадағалау, бекітілген график бойынша тұрғын орындарында және жалпы қолданыстағы жерлерде, тұратын бөлмелерінде дымқыл тазалық жұмыстарын жүргізуге. Тазалық графигтері, студенттік кеңес төрағасы мен қабат старосталары құрылады және жатақхана әкімшілігімен келісіледі;

2.2.9 санитарлық – эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтауға, кірленуіне байланысты тәсек – орынын (сейсеп, ақ жайма, жастық тысын) 7 күнде бір реттен кем емес ауыстыруға;

2.2.10 электр қуатын және суды үнемдеп жұмсауға;

2.2.11 рұқсат етілген тұрмыстық электр құрылғыларын пайдалану бойынша нұсқауларды сақтауға;

2.2.12 студенттік жатақхана туралы Жарғы, Тәртіпті, берілген Ережені, Университеттің басқа да жергілікті актілерін, Қауіпсіздік техникасы ережелерін, тұрғын орынын жалға алу туралы келісімге сақтауға;

2.2.13 сағ 23:00-ден 6:00 дейін жатақханада тыныштық сақтауға;

2.2.14 жатақхана тұру ережелерін бұзғандығы үшін жатақханадан шығаруға өтініш беруге күкілі. Қабат старосталарының, Студенттік кеңестің және студенттік жатақхана әкімшілігінің тапсырмаларын орындауға;

2.2.15 жатақханада өткізілетін жиналыстарға келуге;

2.2.16 хабарлама тақтасындағы ақпаратты қунде қарауға. Қабат старосталарына студенттерге барлық ақпаратты жеткізіп отыруды жүектеу;

2.2.17 тұрғын орынды жалға алу туралы келісімге сәйкес жатақханадан шығарылған кезде (сонымен қатар демалысқа кеткенде) бөлмені және өзіне бекітілген барлық тәсек жабдықтарын тапсыруға.

### **2.3 Жатақханада түрушыларға тыйым салынады:**

2.3.1 бөтен біреуге өз рұқсаттамасын беруге және бөгде адамдарды қонуға қалдыруға;

2.3.2 жатақханада ішімдік ішуге және мас және есірткі қолданған күйде келуге;

2.3.3 дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауға, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауға, таратуға;

2.3.4 жатақхана территориясына қару, сонын ішінде пневматикалық, зақымдаушы және сұық кару әкелуге, сақтауға және қолдануға;

2.3.5 «Діни іс – әрекеттер мен діни бірлестіктер туралы» заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс – шаралар ұйымдастыруға;

2.3.6 тұрғын бөлмелері мен ортак қолданыстағы жерлерде темекі шегуге (соның ішінде кальян);

2.3.7 бір бөлмeden екінші бөлмеге өз бетімен ауысуға;

2.3.8 өз бетімен бір бөлмeden екінші бөлмеге мұлік ауыстыруға;

2.3.9 әлектроткізіштерді қайта жасауға және жөндеуге;

2.3.10 тұрғын бөлмелері мен жалпы қолданыстағы жерлерде қосымша электржылтықтың құралдырын орнатуға;

2.3.11 радиоқабылдағыштарды, үнжазбаларды, теледидаларды бөлмeden тыс естілетін дауыс қаттылығында қосуға;

2.3.12 бөлме есігіне және ортак қолданыстағы, арнайы орындардан басқа, жерлерге хабарландырулар, кестелер, суреттердің көшірмесін және т.б жабыстыруға;

Жұмабек Ташенев атындағы университеті	ҮЕ-19-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп	2-нұсқа 6 беттің 4-беті

2.3.13 тұрғын бөмелердің есігіне өздігінен құлып орнатуға немесе есікте орнатылған құлыптарды ауыстыруға;

2.3.14 өз бетімен жиһазды қайта құруға немесе орнын ауыстыруға, қоршаулар жасауға;

2.3.15 студенттік жатақханада жануарлар ұстауға;

2.3.16 өз бетімен би кештерін, дискотекалар және басқа да көпшілік қатысадын іс – шаралар үйымдастыруға;

2.3.17 терезеден қоқыс және т.б. заттар тастауға;

2.3.18 Төбеле шығуға, шатырға көтерілуғе, терезе алды тақтайнда тұруға және отыруға;

2.3.19 23:00 – 6:00 аралығындағы тұнгі уақытта тамақ істейтін тұрмыстық бөлмелерді қолдануға.

### **3. Берілген Ережені бұзған үшін жауапкершілік**

3.1 Берілген Ережені бұзған үшін жатақханада тұрушыларға Университеттің тәртіп бойынша әлеуметтік, әкімшілік ықпалдар, ҚР заннамасына және Университеттің жергілікті актлеріне сәйкес тәртіптік және басқа да жазалар қолданылуы мүмкін.

3.2 Берілген ережені бұзған үшін жатақханада тұрушыларға келесі тәртіптік жазалар қолданылады;

3.2.1 ескерту;

3.2.2 сөғіс;

3.2.3 жасалған келісімшартты бұзу бойынша жатақханадан шығару.

3.3 Тәртіптік жаза теріс қылыш байқалғаннан кейінгі бір айдың ішінде қолданылады

(студенттің ауруы және демалыста болған кезін есептемегендеге).

### **4. Жатақханадан шығару негізdemeleri**

4.1. Тұрып жатқандар университет жатақханасынан келесі жағдайларда шығарулуы мүмкін;

4.1.1 тұрғын орынын мақсатына байланысты қолданбау;

4.1.2 тұрып жатқан адамдардың немесе олар жауапты басқа азаматтардың тұрғын орынды қиратуы немесе бұзыу;

4.1.3 тұрып жатқан адамдардың келген орыны бойынша тіркелуден бас тартуы;

4.1.4 тұру төлемақысы бойынша келесімшартты бұзу;

4.1.5 тұрып жатқан адамдардың әкімшілікті жазба түріндегі хабардар етер хатсыз екі ай бойы жатақханада болмауы;

4.1.6 жатақханага алкоголь ішімдік ішкен күйде келуі, жатақхана территориясында темекі тартуы;

4.1.7 дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауы, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауы;

4.1.8 тұрып жатқан адамдардың жатақханада жарылғыш, химиялық қауіпті заттарды және қаруды сақтауы;

4.1.9 тұрып жатқан адамдардың ары қарай бірге тұруы мүмкін болмайтындей көршілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорлауы;

Жұмабек Ташенев атындағы университеті	ҮЕ-19-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп	2-нұсқа 6 беттің 5-беті

4.1.10 бір немесе бірнеше рет студентті жатақхана туралы Жарғы, Тәртіпті, берілген Ережені, Университеттің басқа да жергілікті актлерін, Қауіпсіздік техникасы ерелерін, тұрғын орынын жалға алу туралы келісімді бұзыу;

4.1.11 білім алушының оқу мерзімі аяқталуы уақытынан бұрын берілген Ережені, Жарғыны және Ишкі еңбек және оқу тәртібі туралы ережені бұзғаны үшін университеттен шығарылуы;

4.1.12 тұрып жатқандардың өз өтініші бойынша;

4.1.13 оқу мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушыны Университеттен шығарғаннан кейін;

4.1.14 ҚР заңнамасымен және Университет актілерімен қарастырылған басқа да жағдайларда.

4.2 Университет тәртібін өрескел бұзғаны үшін жатақханадан шыралыған студент, кайта жатақханаға қоныстана алмайды.

4.3 Жатақханадан шығарылу тәртіптік жаза ретінде студенттік кеңес және тәртіптік кеңестен қарастырылып, ректордың бүйрекімен қолданылады.

4.4 Тұрғындарды Университет жатақханасынан шығару бүйрек шыққаннан кейінгі үш күн ішінде жүргізіледі.

## КЕЛІСІЛДІ

Оқу үрдісін жоспарлау және үйымдастыруышы  
бөлімінің басшысы

Ж.А.Нурмаганбетова

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және  
сапаны басқару бөлімінің басшысы

Ж.Д. Абдуллаева

Жұмабек Ташенев атындағы университеті	УЕ-19-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп	6 беттің 6-беті

## ТАНЫСУ ПАРАФЫ